

М.Әуезов атындағы
ОҚУ «Мәдениетін және
спорт» факультетінің
«Музикалық білім және
көркем еңбек» кафедрасы
МС 20-5к топ студенті Индира Керімбай
академиялық үтқырылыш бағдарламасы
аясында шетелде оку тәжірибесінен өтті. Бағдарлама туралы маңызды мәліметтермен таныстыруды жөн сана-
дық.

Академиялық үтқырылыш – бұл білім алушының белгілі бір академиялық кезеңде, яғни семестр немесе оку жылында, оку немесе зерттеу жүргізу үшін қазақстандық немесе шетелдік ЖОО-на белгіленген тәртіпте, менгерілген білім беру бағдарламасының кредиттер түрінде міндетті түрде өз ЖОО-да қайта сынақ тапсыруымен орын ауыстыру жүйесі.

Сыртқы академиялық үтқырылыш – бұл алыс және жақын шетелдердің жоғары оку орындарында бір семестр бойы шетелде білім алу бағдарламасы.

М.Әуезов атындағы ОҚУ дың студенттері аталған бағдарлама арқылы білім алып келеді. Шетелдік жоғары оку орындарына студенттерді іріктеу конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Конкурстық іріктеудің белгіленген елшемдері бар. Сондай-ақ, студент өз университетінде академиялық үтқырылыш орталығында тізім бойынша шет мемлекеттердегі университеттерді тандай алады және қажет құжаттарды дайындаап, өткізеді.

– Мемлекеттік білім беру тапсырысы (гранты) бойынша оқытын бакалавриат студенттер үшін бір семестр бойы республикалық бюджет негізінде оқуға арналған академиялық

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮТҚЫРЛЫҚ – ӘЛЕМДІК БІЛІМ КЕҢІСТІГІНІҢ КЛТІ



үтқырылыш бағдарламасы бойынша конкурстан грант (1 млн 200 мың теңге) ұтып алды. Ол барып-келу, медициналық сақтандыру, жатақхана күны және виза қаражатын жабуға мүмкіндік берді. Оку орны – Лодзь университеті. Ол Польшаның Лодзь қаласында орналасқан. Ол шетел азаматтары ең көп білім алатын университеттің бірі саналады. Сабактардың бәрі ағылшын тілінде өтеді. Мұндағы білім жүйесіндегі бір ерекшелік – дәріс пен тәжірибелік сабактар аралас өтеді. Мұнда қорытынды емтиханның барлығын жоғары дәрежеде тапсырдым, – деді Индира Керімбай.

Индира шетелде білім алушын артықшылықтарын атап өтті.

– Маган академиялық үтқырылыш не берді? Бір семестр

барысында шетелдегі студенттік өмірді көрдім. Европаның бірнеше еліне саяхат жасадым. Ағылшын тілдік дәғдиларын жақсарттым, жауапкершілік сезімім артты. Шетелдік жоғары оку орындарында білім алуға ынтым да артты. Жақында Лодзь университетінен оқуды жақсы бітіргенім туралы сертификат келді. Енді осы бағдарлама арқылы білім алып, ел мен жер көруге жастарды шақырамын, – деді И.Керімбай.

**С.БЕЙСЕНБАЕВ,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ «Музикалық білім
және көркем еңбек»
кафедрасының п.ғ.д.
НГА академигі,**

**Г.КУНЖИГИТОВА,
ага оқытушы**